ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАСТАР ПРОЗАСЫ ЖӘНЕ АЛМАЗ МЫРЗАХМЕТ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ГОТИКАЛЫҚ САРЫН

Сұлтанғалиева Р.Б.
Филология ғылымдарының кандидаты,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
қауымдастырылған профессоры (доцент),
(Орал қаласы, Қазақстан)
Сағидуллиева С.С.
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
магистранты,
(Орал қаласы, Қазақстан)

Султангалиева Р.Б.,
Сагидуллиева С.С.

Sultangalieva R.B.,
Sagidullieva S.S.

Аңдатпа. Бұл мақалада тәуелсіздік кезеңі әдебиетіндегі жаңашылықдық, жанрлық ізденістер мен жас қаламгер Алмаз Мырзахметтің туындыларындағы готикалық сарын қарастырылады. Қазақ әдебиетіне ұлттық бояуды сіңіре, әлемдік әдебиеттер үрдісімен байланыста жаңа бояу қалыптастырған жазушы туындылары бүгінгі қоғамның әлеуметтік бейнесін, адамдардың психологиялық шеңберіне ене отырып дара стилімен ерекшелейді. Шығармаларының өн бойында шебер, әрі шынайы сомдалған кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ішкі жан-дүниесін бейнелеудегі қаламгерлік шеберлік іздері мен жазушы әңгімелеріндегі тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адам болмысы туралы құнды ойлары пайымдалады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются новаторство в литературе периода независимости, жанровые изыскания и готический результат в произведениях молодого писателя Алмаз Мырзахмет. С учетом национальной окраски казахской литературы, произведения писателя, сформировавшие новую окраску мировой литературы, сочетая технологию и красоту, отличались индивидуальным стилем, включив социальный образ современного общества, психологический портрет людей. В художественном произведении раскрывается деятельность умелых, искренне исполненных и внутренний мир персонажей, о значении жизни, о природе Вселенной, о бытии человека.

Abstract. This article discusses the innovation in the literature of the period of independence, genre studies and Gothic result in the works of the young writer Almaz Myrzakhmet. Taking into account the national color of Kazakh literature, the works of the writer, which formed a new color of world literature, combining technology and beauty, differed in individual style, including the social image of modern society, psychological portrait of people. In the work of art reveals the activities of skilled, sincerely executed and the inner world of the characters, the meaning of life, the nature of the Universe, the existence of man.

Кілт сөздер: заманауи әдебиет, әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы, ұлттық болмыс, готикалық стиль, көркемдік шешім.

Ключевые слова: современная литература, интеграция мировых литературных традиций, национальное бытие, готический стиль, художественное решение.

Key words: modern literature, integration of world literary traditions, national existence, Gothic style, artistic solution.

«XVIII ғасырдың екінші жартысында әдебиетте жаңа ағым қалыптасты. Ол Англиядан бастау алып, АҚШ және Еуропа елдерінде кеңінен таралған еді. Әдебиет тарихында бұл ағым дербес атау да алған. Ал, одан әрі өнертанушылар, әдебиеттанушылар арасында бұл ағымға байланысты өте көп пікірталастар өрбіді. Нақтылай айтсақ, біреулер қолдады, екіншілері даттады. Бұл пікірталас әдебиеттегі готика жайлы болатын» делінген жас ғалым Ә. Жакулаев зерттеуінде [1].

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ әдебиетінің проза жанрында жаңа заман әдебиеті деген айдармен қалам тербеп жүрген қаламгерлеріміздің көп екені белгілі. Солардың ішіндегі стилдік ерекшелігімен, дәстүрлі бейнелеуді жаңашылдықпен жалғаған, оқырмандардың қызығушылығын оятатын туындылар авторларының бірі – жас қаламгер Алмаз Мырзахмет. Қаламдас ағасы, жазушы жазушы Дидар Амантайдың сөзімен *«Қазақ прозасының үміті»*, жас жазушы Алмаз Мырзахметтің готика элементтері кездесетін бірнеше шағын сюжетті әңгімелерін талдауды ұсынамыз.

«Жазушы дегеніміз – қиял мен реал арасында қаламды ескек, қағазды желкен қылған қайық сияқты. Қиял – ашық аспан асты, реал – буырқанған теңіз, тұңғиық тереңдер. «Біртүрлі» дегеннен гөрі «ерекше» жаратылысқа келетін, айналасындағы адамдарды кейіпкерге айналдырып алған экспериментал» [2], – дейтін Алмаз Мырзахметтің *«Түс жанарындағы жас»* шығармасы қысқа да тартымды сюжетке құрылған. Әңгіменің басынан аяғына дейін бір деммен оқып шығасыз. Шығармада қатарластарының түсіне де кірмейтін

сюжеттерді қолдана отырып, тың дүние, прозадағы жаңа арна дүниеге әкелгендей. Әдеттегідей готикалық шығармалардың бастау сәті түс екені айқын:

«Сол түні қорқынышты түс көрдім. Қаптаған қарғалар аппақ арғымақты тірідей жеп жатыр екен деймін. Құстарды үркітейін деп тас лақтырып едім, өзіме қарай құжынап келе бастады. Айқайлап қашып үйге тығылдым. Есік терезені тарсылдатқан қарғалар дауысынан құлағым түнып, селк етіп оянып кеттім» [3, 147-148 б.].

Басында бас кейіпкерді ұнамды, тәрбиелі, оқыған жағымды образ түрінде қабылдаймыз. Алайда, сюжеттің шарықтау шегінде намысқой, өзімшіл жігіттің кейпіндегі кейіпкер еш қорқынышсыз, қатыгездікпен Кемел мейітінің басына қазық қазып, аруақтардың мазасын алып, достарының алдында жалған намысқа беріледі.

«Иә, мен қабір басына Айманды жақсы көргендіктен бардым...

Иә, жігіттердің алдында есіріп артық сөйлегенім үшін бардым...

Иә, өз-өзіме ерегісіп бардым...

Барды-ы-ым...

Қабір басына келгенде қазықты қақпай-ақ қояйын деп өз-өзімді тоқтатқан едім. Себебі бейіттерден «Есіңді жи! Сен де бір күні өлесің...» деген дауыстар естілді. Бірақ достарым келіп қалғанда намысым жібермеді, орындамағанша өлгенім артық! Өлгенім артық» [3, 153-154 б.].

Шағын ғана әңгімеден готикаға тән бірнеше элементтерді кездестіруге болады:

Сюжет құпиялыққа құрылып, шығарманың соңына дейін құпия сыры сақталады [1]. Мәселен, шығармадағы баласының құпия өлімі. Бас кейіпкердің не себепті Кемел марқұмның басына қазық қағуы, өзін-өзі түсінбеуі, қызбалыққа салынуы:

«Мен білемін, ана-жүрегі сезеді, ұлымның қалада оқитынын көре алмағандықтан құрдастары қасақана өлтірді. Сұмырайлар, жастарына жетпей арақ ішеді екен өздері. Не оқымай, не жұмыс істемей, ата-анасының мойнында отырған жетесіздер! Істеген қылмыстарын біреуі де мойындамай отыр» [3, 147 б.].

Сюжет қорқыныш пен үрей атмосферасына және бас кейіпкердің

қауіпсіздігі мен абыройына үздіксіз қауіп-қатердің төнуінен тұрады [1]:

«Құдай-ай, не жазып еді, сорлы ұлым? Жанына барғанда көзі айналып бара жатты. Жүрегі жарылып кеткен екен. Достары қатты қорқытқан ба, әлде бір дәрі-дәрмек ішкізіп жіберді ме?» [3, 148 б.].

«Айдардың айманды ертіп келгенін көріп, ол тіпті ашулана бастады. «Ерегескенде, не айтсаңдар да жасаймын! Айтқандарынды орындай алмасам өлтірсеңдер де, мейлі, сертімді бердім!» [3, 150 б.].

«Мазарлардың көлеңкесінде тығылып, сыртымнан барлығын бақылап тұрған аруақтар бір көрініп, бір көрінбей жан-жағымнан табалай бастады. Кмеле марқұмның көрі мені ішіне қарай жұтып, тұңғиыққа тартып әкетіп бара жатқандай. Зілбалғаны тастай салып, тұра сала қашпақ болдым. Бірақ пальтомның етегінен әлдебір күшті қол ұстап қалды. Қайта тұрайын деп ем жібермеді» [3, 155 б.].

Қауіпті, қараңғы сахнадағы тартыс құпия мен қорқыныш атмосферасын

аша түседі. Басты оқиғалар қараңғы түнде, мазарларда немесе адам мекен етпейтін тастанды жерлерде орын алуы готикалық шығармалардың басты ерекшелігі [1].:

«Кешкісін әдеттегідей көшеге шығып кеткен. Ерболат оны түнде дүкен жақта құрдастарымен жүргенін көрген екен» [3, 147 б.].

Хикаядағы адамның ішкі дүниесіндегі тартысы, жамандық атаулының жеңісі, адамның жан азабы, шығармадағы кейіпкерлердегі қорқыныштың әсерлі берулуі шығармаға өзгеше реңк береді.

Автордың келесі тағы бір туындысы «Өрт». Шағын әңгіме Еркебұлан есімді он алты жасар ересек баланың анасымен әңгімесінен басталады. Анасы келін қылып бригадир Болаттың қызын аламын деп баласын еркелетіп отыр, алайда ананың бір сыр жасырып отырғаны байқалады: *«Анасы болса, шайқап жатқан қаймағынан көзін алмай, дауысындағы дірілді білдіргісі келмей: «Айтқаным айтқан, бригадирдің қызын алып берем!» [3, 24-25 б.].*

Еркебұлан болса он алтыға келсе де, әлі мектеп қабырғасын көрмеген бала. Өзің мектепке алмайтынын Рая мұғалімнен көреді. Рая мұғалімді іштей жек көреді.

Шығарманың тартысты жері түн уақытында басталады. Тамұқ түннің қара аспаны Еркебұланға маза бермеді. Сай сүйегі сырқырап, шаңқ еткен шыңғырған үн қайта-қайта найзағайдай тілгілеп жатыр. Күз мезгілінде, не көктемде, құстардың жылы жаққа ұшуымен, елге оралуы Еркебұлан үшін азап еді. Өйткені жынды адамның ауруы осындай мезгілде қозады деуші еді, Еркебұланда сондай жынды еді. Сол түн оның ауыруы жанына маза бермеді. Күндізгі ойы маза бермеді ме Еркебұлан өз дертінен құтылудың жолын түсінгендей өзен жақтағы Рая мұғалімнің үйіне қарай жол тартады. Көз алдына елестеген құмырсқалардан жұлдыздарды, жер бетін құтқарамын деп мал қорасының үстіне шығып, сіріңкесін тұтатып өртке орайды.

«Ха-ха-ха! Өліңдер, құмырсқалар, қаша алмайсыңдар енді! Сол керек сендерге!» [3, 28 б.]. Еркебұлан өзінің жанын жегідей жеген дерттен осылайша құтылды.

Ертеңінде тергеушінің алдында үнсіз отырған Еркебұлан «Мен олардың кім екенін түсіндім» дейді. Ол тергеушіге бұған дейін істей алмаған қылмысы Ақтан шалдың қорасын өртей алмауына кедергі болған жайтты жайып салады. Тергеуші үшін жынды адамның сөзі. Алайда Еркебұлан өз сөзін дәлелмен жеткізген:

«Ақтан шалдың шөбін өртеуге барғанда алдымнан екі адам шықты. Бірінің басы жоқ, қолы шолақ, екіншісі тіпті белден төмен көрінбейді. Киімдері аппақ, түрлері сұсты. Мені Ақтан шалдың қорасына жолатпай қойды. Екінші, үшінші, төртінші күні де... Олар қораны қорғап жүрді. Кімдер екенін енді түсіндім. Түсіндім... Ақтан шалдың немересі бар. Есімі Балнұр. Өзі намаз оқуды үйреніп жүр. Маған өткенде «Аятүл Күрсі сүресін оқыса аспаннан екі періште түседі екен, олар таң шапағы шыққанша ұйқынды күзетеді, әлі толық жатаған жоқпын...» деп еді. Балнұр сүренің әр жерінен үзіп-үзіп оқыған соң әлгі екеудің бірі бассыз, бірі аяқсыз түскен ғой. Мен түсіндім! – деді Еркебұлан» [2, 30-31 б.].

Жазушы хикаясының сюжеті детективті романға ұқсас. Әңгімеде Еркебұланның неге өртке өш екенін анасы баяндап береді. Еркебұлан кішкентай кезінде өсіріп, дос болған мысығын анасы байқаусызда пештің ішінде өртеп жіберген. Мысықтың қарғысы жаман болады, Еркебұланның өртке деген «құштарлығы» содан болса керек.

А. Мырзахметтің готикалық өрнектер, психологиялық бояулары басым шығармасының бірі – «Автопортрет». Үш ай бұрын әйелімен ажырасып, өмірден түнілген суретші жайында баяндалады. Суретші өміріндегі сәтісіздіктерден кейін қайта өз жұмысына зер салады. Бүгін ол өзінің суретін салмақшы. Айнаға қарамай-ақ сыйқырлы сыры бар өз бейнесін таңға таман толық аяқтайды. Алайда ұйқысынан оянып түндегі туындысына қараған суретші *«Мүмкін емес...»* деген сөзден басқа сөз айтқан емес. Себебі, түні бойы ол бала кезіндегі анасының көңілдесін бейнелеген. Суретші айнаға қараудан қорқатыны – сол бейсана әлеміндегі адам өзінің автопортреті болып көз алдында.

Адам жанының қалтарысына үніле білген жазушының бұл туындысында оқиғалар тізбегі оқыстап басталып, күтпеген тосын жайттарға, бас кейіпкер үшін қорқыныш пен үрейге толы сәттермен ерекшеленеді.

Алмаз Мырзахмет Наурызбек Саршамен болған сұхбатында: ««Автопортрет» әңгімесі бейсаналық (подсознание) әлеміне құрық бойлатқым келген, таза идеяға құрылған шығарма. Оқырманның назарын аудару үшін қолданған әдіс. Адам санасында айнаға қарауға деген қорқыныштың пайда болуын жазғым келді. Кейбір оқырмандар әңгіменің атауына иек артып, оқиғаны өз өміріннен алдың ба дегендей сұрақ қойып жатады. Бұл мен қолданған әдіс, эксперимент жемісін берді деген сөз. Ол және басқа әңгімелеріме деген қызығушылықты оятты» [4] деген. Оқырманның назарын аударту үшін, адам санасында орын алған қорқыныштың пайда болуын суреттеуде жаңашыл әдіске барған, және ол мақсаты орындалған, жаңа мазмұнды жаңаша түрмен бейнелеуде экспериментке барып, қаламгерлік ізденіс жасаған жас жазушы Алмаз Темірбайдың туындылары жаңа ғасырдағы қазақ әдебиетіне өз олжасын салған шығармалар қатарында екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жакулаев Ә. Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер. // Әдебиет порталы. 15.10.2018.

2. Әсетқызы М. «Тың дүние тудыруды қалайтын жазушымын» сұхбат. /Орталық Қазақстан газеті, 2017 жыл.

3. Мырзахмет А. Ханшайым. – Алматы: Жалын, 2013. – 192 бет.

4. Сырша Н. «Алмаз Мырзахмет: қазақ прозасына қала прозасын енгізгім келеді» / Әдебиет порталы. 24.04.2017.